

...Кел, отыр, кітапты

бізге оқы!

Киелі кітап Еремия 36:15

Кітапнама (немесе Библиография) (көне грекше: *biblion*

– кітап және көне грекше: *graphein* – жазу)

– баспаөнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп,
оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-

практикалық қызметтің бірсаласы. Ол кітаби мұраларды,

библиография тарихын, теориясын, библиография
қызметті ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән
ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды
жүйелі түрде

саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын

ашу арқылы библиография ғылыми мен мәдениет

дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-
зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми

қағидаларды, саяси, философия және эстетика

көзқарастарды, техника жетістіктерді таратуға мүмкіндік

туғызады

Әлемдегі ең үлкен кітап **Кленктің атласы** деп аталатын әлемдегі ең үлкен кітап карталарға арналған Британ кітапханасындағы көрмеде жұртшылыққа ұсынылады.

Биіктігі **1,75 метр** және ені **1,9 метр** болатын атласты голландиялық саудагер Йоханнес Кленк (Yohannes Klencke) монархияның реставрациялануына орай 1660 жылы Англияның королі Карл II-ге сыйға тартқан болатын. Осылайша, саудагер Карлдің шарапатына бөленуді көздеді. Кітапта **39 карта** бар. Атласты көтеру үшін алты адам қажет. Көрмеге ол ашық күйінде қойылады

Лондондағы Британиялық кітапханада реставрациядан соң көпшілік халықтың назарына біздің заманға дейін жеткен **ең көне баспа кітап** ұсынылған. Ол 868 жылдың мамыр айында Вон Цзе есімді адам басып шығарған буддистік мәтіндер жазылған **"Алмас сутрасы"** кітабы

Әлемдегі ең көне кітап - **Присса папирусы**. Б.з.д 3350

жылы жарыққа шыққан. Фива қаласындағы

пирамидалардың бірінен табылған бұл кітаптың мазмұны

әлі күнге дейін ауқымды. Кітаптың авторы жастарға

наразылығын білдіріп, тәрбие мен білім жайында жазған.

Баспагерлер қауымы кітапта басылып кеткен қателермен әлі күнге дейін күресіп келеді. Қанша көз майын тауысып,

тексерсе де, бір әріп, не бір белгі артық-кем қойылып

кетіп жатады. Кітап басудағы осы кемшілікті бағзы

заманда баспагерлер «шайтан ісі» деп түсінген.

Оқырмандарға сапалы, әрі түсінікті ақпарат бермеу үшін

бір күш кедергі жасайды деп сенген екен.

Әлемдегі ең қымбат кітап – «**Лестер кодексі**» деп аталатын **Леонардо да Винчидың** ғылыми трактаты. «Жер, су, аспан денелеріне» арнап жазған бұл ғылыми туындының бүгінгі иесі - **Билл Гейтс**. Жиырма төрт миллион тұратын кітапты тек айна арқылы оқуға болады екен. Себебі кітап кері басылған.

Әдебиеттанушылардың зерттеуі бойынша, Шекспирдің еңбектерінде «**махаббат**» сөзі 2259 рет аталса, «**жсек көру**» сөзі тек 229 рет қайталанған екен.

2007 жылғы британдық «Teletext» компаниясы «іш пыстыратын» кітаптардың тізімін шығарған болатын. Сол тізімнің қатарына: «**Соғыс пен бейбітшілік**», «**Қылмыс пен жаза**», Джеймс Джойстың «**Улисс**», Пауло Коэльоның «**Алхимигі**» мен «**Гарри Поттер және от кубогы**» секілді кітаптар енген.

Кітап үшін ең көп қаламақы төлеген - **Марк Аврели** есімді Рим императоры. Оппиан есімді ақынға балық аулау мен аңшылық жайындағы поэмасындағы әр жол үшін бір алтын тиыннан төлеген. Екі поэма жиырма мың жолдан тұрады екен.

Гавана халықаралық кітап көрмесінде ең үлкен кітап ұсынылды. Бұл кітап әлемге әйгілі ойшылдардың жинағы ретінде құрастырылған. Ұзындығы 380 сантиметрге созылса, биіктігі 350 сантиметрге жетеді.

Ең көп оқылатын кітаптардың қатарын діни кітаптар кіреді екен. Бірінші орында – **Библия**, екінші орында - **Мао Цзэдунның жинағы және «Сақина әміршісі»** кітабы – үшінші орында.

Рекорд жасаған кітаптар

Әлемде өзінің ең үлкен көлемімен таңғалдырып, рекордтар тізіміне енген кітаптар бар. 1976 жылы АҚШ-тың Денвер қаласында шығарылған 300 беттік «Суперкітап» Гиннеске «ең үлкен кітап» ретінде енген болатын. Биіктігі 3 метрге жуықтайтын бұл алыптың салмағы 252,6 келіге тең.

Сондай-ақ рекордтар кітабына енген тағы бір кітап – биіктігі 180 сантиметрлік «Magnificent Maps: Power, Propaganda and Art» кітап-картасы. 37 карта жинақталған бұл атласты 1660 жылдары сол кездегі ағылшын королі Карл II-ге арнап шығарған екен. Негізінде, бұл атлас рекордтар кітабына өзінің үлкен көлемі бойынша енгізілгенімен, ол танымдық-ақпараттық тұрғысынан да өте құнды. Өйткені бұл кітап-карта арқылы сол заманның тарихын зерделеуге болады.

Рекорд жасаған кітаптар

Енді беріге келсек, солтүстіктегі көршіміздің баспагерлері көлемі шағын бөлменің аумағына тең болатын, 6х3 метрлік кітап шығарған. 2004 жылы «Кішкентайларға арналған ең үлкен кітап» деген атпен «Ин» баспасынан жарық көрген бұл туындының салмағын бала тұрмақ, ересек адам да көтере алмайды. Шамамен жарты тонна болатын алып кітап – бар-жоғы 4-ақ бет. Орыстың балалар ақындарының 12 өлеңі жинақталған бұл туынды бүгінде тек көрмеге қоюға жарап тұр. Ал ең кішкентай кітап ретінде рекордтар кітабына енген – Массачусетс технологиялық институты шығарған «Новый Завет» пен Антон Чеховтың «Хамелоны». Алғашқысының көлемі 5х5 мм құраса, «Хамелеонның» биіктігі мен ені – 0,9х09 мм. 2001-2002 жылы жарық көрген бұл кітапты оқу оңайға соқпасы анық. Алайда бүгінде нанотехнологияның дамуының арқасында одан да кішкентай кітаптар жасалып жатыр. Мәселен, Симон Фразер университетінің нанотехнологтары «Teeny Ted from Turnip Town» атты басылым шығарған. Көлемі 0,07х0,1 мм құратын кітапшаны тек қана электронды микроскоп арқылы оқуға болады.

Ең, ең, ең...

*Тек салмағы немесе көлемі жағынан емес, томы мен таралымының көптігі жағынан таңғалдырған кітаптар да бар. Мысалға, 1968-1972 жылдар аралығында жарық көрген Британия Парламенті құжаттарының жинағы 1112 томды құраған. Оның толық жинағының салмағы 3,3 тоннадан асып жығылады, егер барлығын оқып шыққыңыз келсе, 6 жылыңызды сарп етуіңіз керек...

*Дүниежүзінде ең көп таралыммен шыққан Агата Кристидің романдары. Оның 78 кітабы әлем бойынша 44 тілге аударылды, жалпы таралымы 2 миллиардқа жуық.

*Әлемде аукцион арқылы миллиондаған долларға сатылған кітаптар да бар. Мәселен, 1994 жылы «Собтис» аукционында Леонардо да Винчидің «Лейчестер Кодексі» атты қолжазбасы 30,8 миллион долларға өткен. Оны әлемдегі ең бай адамдардың бірі Билл Гейтс сатып алған...

*Ең үлкен сөздік пен энциклопедия жағынан 1854 жылдан бастан жарық көрген «Неміс сөздігі» мен 1935 жылдан басылатын «Әмбебап еуро-америкалық суретті энциклопедиясының» алдын орайтын басылым шыққан жоқ. Якоб пен Вильгельм Гриммдер бастаған сөздік 1971 жылы аяқталып, 33 томды құрапты. Бұл ең ұзақ басылған басылым ретінде де тарихта қалатын шығар. Ал энциклопедия жыл сайын толықтырып отырылады, оның томдары бүгінде 100-ден асып кеткен.

Дерек пен дәйек

1. Әлемде шығарылған ең кішкентай 12 кітаптың басын қосқанда, барлығы бір ас қасыққа сыйып кетеді екен. Олардың ішінде «Құранның» кішкентай басылымы, ағылшын тілінің сөздігі, Францияның Ата заңы бар...
2. Тағы бір қызық кітап – «Медицина өнерінің жалғыз және өте терең құпиялары» деп аталады. Ол голландиялық атақты дәрігер Герман Бурхавенің заттарының ішінен, ол өмірден өткеннен кейін табылған. Бұл 100 беттік кітап аукционда 10 мың долларға сатылған. Кітапты ашып қараса, бүкіл беттері тап-таза, тек титулдық бетінде «Басыңды суықта, аяғыңды жылыда ұста, сонда ең жақсы дәрігерді кедейге айналдырасың» деген жазу болған.
3. Кітап ұрлайтын ең белгілі библиоклептоман Стивен Булмберг болған көрінеді. Ол өз өмірінде 268 кітапханаға ұрлыққа түсіп, 23 мыңнан аса сирек кездесетін кітап ұрлаған. Құны 20 миллион доллардан асатын кітапханасын толықтыру үшін Блумберг кітап ұрлауда түрлі қитұрқы әдістерді қолданған.
4. Егер бүгінгі күнге толық жететін болса, ең үлкен энциклопедия – Үлкен Қытай энциклопедиясы болар еді. Жалпы көлемі 11095 томды құраған бұл кітаптың тек 400 томы сақталыпты.
5. Кітап оқыған кезде адамның екі көзі әртүрлі әріптерге қарап тұрады.
6. Ал Рио-де Жанейро қаласының 400 жылдық мерейтойына орай кітапты тат баспайтын болаттан басып шығарған. Оның салмағы 3 тоннаға жетеді

Минутына қанша сөз оқисыз?

1. **Наполеон** минутына екі мың сөз оқыған.
2. **Бальзак** романның 200 бетін жарты сағатта оқитын болған.
3. **М.Горький** минутына төрт мың сөз оқыған.
4. **Н.А.Рубакин** өмірінде 250 мың кітап оқыған

Қызыл кітап



Қызыл кітап-халықаралық табиғат қорғау одағының
халықаралық дәрежедегі құжаты.

Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі.

Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі 20 ғасырдың бас кезінде қолға алынды.

Халықаралық табиғат қорғау одағының **Қызыл кітабын** шығаруға Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес, Су құстарын зерттейтін халықаралық бюро, Жануарларды қорғау жөніндегі бүкіләлемдік федерация, т.б. ұйымдар қатысады. Қызыл кітап табиғат қорғаудың негізгі іргетасы, экологиялық білім мен тәрбие берудің қайнар көзі болып саналады.

ҚАЗАҚСТАН ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ



КРАСНАЯ КНИГА
КАЗАХСТАНА

THE RED DATA BOOK
OF KAZAKHSTAN

Қазақстанның Қызыл кітабында сирек және жойылып бара жатқан түрлердің тізіміне енгізілген жабайы омыртқалылардың 87 түрінің және өсімдіктердің 303 түрінің қазіргі таралуы, санының жай- күйі, биологиясы туралы мәліметтер келтірілген.

Қызыл кітапқа ресми енгізілген өсімдіктердің 16 түрі Батыс **Алтай** мемлекеттік табиғи қорығының аумағында тіркелген. Алайда Алтай ботаника бағының ғылыми қызметкері б.ғ.к. Ю.А. Котуховтың жұмысының нәтижесінде сирек, осалдау және жойылып бара жатқан түр мәртебесіндегі тағы да 50 түр анықталды.

Табиғатта пайда болған әрбір түр өзінше бірегей және ешқашан қайталанбайды, сондықтан да оның жойылуы - орны қайта толмайтын нәрсе. Және де бұл жоғалту қауымдастықтың бүтінділігі мен табиғаттағы жалпы тепе- теңдіктің бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан да қазіргі кезде табиғатты қорғау мәселесі дүниежүзілік мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе бүкіл әлемде маңызды мемлекеттік мәселе ретінде қаралады



Гиннес рекордтар кітабы ([ағылш.](#) *The Guinness Book of Records*) — әлемдік [рекордтар](#) енетін жылдық жинақ.

Гиннесс кітабына адамның, жануардың, табиғаттың т.с.с. жеткен жетістіктері, өзгелерден ерекшелендіретін күйі, қалпы жайлы жазылады. Алғаш рет Гиннесс кітабы 1955

жылы ирландтық сыра қайнатушы «Гиннесс»

компаниясының басшысы Хью Бивер сэрдің тапсырысы бойынша жарық көрген. 1956 жылы кітап 5 000 000 дана таралыммен сатылған. Қазіргі кезде дүниежүзі бойынша

100 мемлекетте 23 тілде басылып шығарылады. 2003 жылы «Гиннесстің рекордтар кітабының» [таралымы](#) 100 000 000 [данаға](#) жеткен

Назарларыңызға әлемдегі кітап қоры жағынан, көлемі бойынша ең ауқымды, оқырманы өте көп, пайдасы ұшан-теңіз 10 кітапхананы ұсынып отырмыз.



| Р/с | Атауы | орны | Кітапхана қоры | Бір жылдық қолданушылар саны | Бюджеті | Жұмысшылар саны |
|-----|--------------------------------------|-----------------------|----------------|------------------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Конгресс кітапханасы | Ақш, Вашингтон | 155,3 млн. | 1,7 млн. | 629,2 млн. \$ | 3312 |
| 2 | Британ кітапханасы | Лондон | 150 млн. | 2,29 млн. | 141 млн. £ | 1636 |
| 3 | Нью-Йорк көпшілік кітапханасы | Нью-Йорк | 53,1 млн. | 18 млн. | 250 млн. \$ | 2937 |
| 4 | Канада мұрағаты, кітапханасы | Оттава | 48 млн. | | 162,63 млн. \$ | 1113 |
| 5 | Ресей мемлекеттік кітапханасы | Мәскеу | 44,4 млн. | 1,17 млн. | 1640 млн.р | 1972 |
| 6 | Ресей ұлттық кітапханасы | Санк-Петербур | 36,9 млн. | 886 мың. | | |
| 7 | Ұлттық парламенттік кітапхана | Токио, Киото | 35,7 млн. | 624 мың. | 21,8 млрд. ¥ | 890 |
| 9 | Дания корольдік кітапханасы | Копенгаген | 33,3 млн. | 1,16 млн. | 392,4 млн.кр | 429 |
| 10 | Қытай ұлттық кітапханасы | Пекин | 31,2 млн. | 1,3 млн. | 254 млн. € | 2668 |


Мадридтегі Эскориал кітапханасы



Нью-Йорктегі University Club кітапханасы




Оттава қаласындағы Канада парламенті кітапханасы



Әлемдегі ең ерекше кітаптар




Жүз мың миллиард өлең



Раймонд Квинаудын
бұл кітабында 10
сонет бар
болғанымен, оның
әрқайсысы бір бір
тармақтан
қырқылған.

Скульптура-кітап



Брайан Деттмердың лақап аты - "Кітаптың ішек қарынын ақтарушы". Ол кітаптарды тесіп өрнектеумен айналысады. Бұл үшін Деттмерге пышақ, пинцет, қайшы және кітап керек. Нәтижесінде таңғажайып кітап өмірге келеді.

Әлемдегі ең үлкен кітап



"Шайтандар інжілі " деген атпен таралған әлемдегі ең үлкен кітаптың нағыз аты - «**The Codex Gigas**». Оны кім және не мақсатпен жазғаны қазіргі күнге дейін белгісіз болып келеді. Аңызға сенер болсақ, оны тақуалық қылмысы үшін қамауда жатқан бір сопы жазған.

Әлемдегі ең кішкентай кітап



Бұл кітапта не
жазылғандығын жай
оқу мүмкін емес.
Оның тым майда
жазылғандығы
сонша, тек **600 рет**
жақындатқанда ғана
көруге болады.

Сағат - кітап



Сағаттың
қызметін
атқаратын бұл
құрылғы үш
кітаптан тұрады.

Өлім алдындағы кітап



Пьер Мендель — швейцарлық дизайнер өлер алдында өз өмірінің ең маңызды деген күндерін тізіп кітап шығарған. Ал соңында автор өзінің өмірден өткен күнін жазып қалдырған.

Шамы бар кітап



Егер түнде жарық
сөніп, кітап оқи алмай
қалсаңыз, сізге осы
кітапты ұсынар ем. Өз
жарығы өзінде...

Аспаздық кітап




Скульптуралық кітаптар



Ағаш кітаптар



Үн өлшемді әліпшелер




Түн кітабы



Негізі бұл кітап емес,
кітап формасындағы
шам. Тек сөрелерде
ғана емес, үстел
үстінде да тұратын
бұл шам ерекше
жарық сыйлайды.

Үңгірлі кітаптар



Үңгірлі
кітаптар Нью-
Джерси мен Нью-
Йорк қалаларының
сәулетін
таныстырады.

Википедия-кітап

